



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

202 жылғы 8 қаңтар

№ 6

**«Толағай» - Ұлттық күштік спорт ойындары» пилоттық
эксперименттік-инновациялық жобасын енгізуі туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Астана қаласының 2023-2029 жылдарға арналған білім беру жүйесін дамыту бойынша өңірлік Жол картасын орындау негізінде Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылғы 9 қыркүйектегі «2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында эксперименттік алаңдар мен инновациялық жобалар» туралы №1712 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы 2024 жылдың 23 желтоқсанындағы № 2522 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың 8 қаңтарынан бастап мектепте «Толағай» - Ұлттық күштік спорт ойындары» пилоттық эксперименттік-инновациялық жобасы 5-8 сыныптар қамтылып, жүзеге асырылсын.
2. Жобаның бағдарламасы мен жоспары әзірлеунуін және сапалы жүргізілуін төменде көрсетілген педагогтерге жүктелсін:
 - директордың бейінді оқыту жөніндегі орынбасары Д.Қ.Мерсейіт
 - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.О.Қайырбек
 - дене шынықтыру пәні мұғалімі Б.А.Сатмурзаев
3. Бұйрықтың орындалуын бақылау өзімен қалтырамын.

Директор



А.Б.Бейсенбина

Бұйрықпен таныстым:

Мерсейіт Д.Қ.

Қайырбек Г.О.

Сатмурзаев Б.А.



Орындаған: Мерсейіт Д.Қ.



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 2522 от 23.12.2024

Астана қаласы Білім басқармасының
2024 жылғы 9 қыркүйектегі
«2024-2025 оқу жылында білім беру
ұйымдарында эксперименттік
алаңдар мен инновациялық
жобалар» туралы №1712 бұйрығына
толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Астана қаласының 2023-2029 жылдарға арналған білім беру жүйесін дамыту бойынша өңірлік Жол картасын орындау негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың 8 қаңтарынан бастап білім беру ұйымдарында келесі пилоттық эксперименттік-инновациялық жобалар жүзеге асырылсын:

- «Саннан сапаға» жобасы: №92 мектеп – лицейде;
- «Біз сенің достарыңбыз» (1-4-сынып): №№7, 15, 16, 31, 32, 35, 40, 65, 68, 78, 90, 95, 97, 98 мектептерде;
- «Денсаулық пен әл-ауқат - табысты болашақтың кепілі (10-сынып)»: №7, 15, 16, 35, 78, 79, 90, 95, 97, 98 мектептерде;
- «Толағай» - Ұлттық күштік спорт ойындары: №№ 48, 49, 50, 53, 57, 61, 62, 68, 69, 71, 104, 107 мектептерде.

2. Астана қаласының білім беру ұйымдары басшылары эксперименттік-инновациялық жоба бағдарламалары мен жоспарын әзірлеп, сапалы жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасарлары М. Каирбаеваға, С. Адылбаевқа, Н. Еламановқа жүктелсін.

Басшы

Қ. Сенғазыев

С.Дауешова
48-11-57

Согласовано

23.12.2024 10:08 Еламанов Нариман Танатарович

23.12.2024 10:42 Адылбаев Серик Тавкович

Подписано

23.12.2024 11:12 Сенгазыев Касымхан Сенгазыулы



ТУ «Управление образования города Астаны» - Дауешова С.М.

**«Толағай» ұлттық күштік спорттық үйірме жұмысының
бағдарламасы**

(5-8 сынып оқушыларына арналған)

Астана қаласы «Әдістемелік орталығы» МКҚК қалалық оқу-әдістемелік Саратамалық кеңес отырысында қаралып, қала көлемінде таратуға ұсынылды (№4 хаттама, 12.12.2024 ж.)

Құрастырушылар: Н.И.Тяженов – Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» БЖДТО МКҚК директоры, Т.Сыпатаев- «Толағай» ұлттық спорт федерациясының жетекшісі елімізде көптеген рекордтар орнатқан Қажымұқан ізбасары ретінде танылған. «Толағай» ұлттық күштік спорт» 5-8 сынып оқушыларына арналған үйірме жұмысының бағдарламасы, Астана қ. 2024 ж.

Ұсынылып отырған «Толағай» ұлттық күштік спорттық үйірме жұмысының бағдарламасы Қазақстан Республикасы «Толағай» ұлттық спорты федерациясы қолға алған «Толағай» ұлттық спорт түрлері – этно ойындарды және ұлттық құндылықтарды халық арасында кеңінен насихаттауға, қазақтың ұлт саулығын қалыптастыруға, бұқаралық спортты дамытуға бағытталған.

Мазмұны

Түсінік хат

1.«Толағай» ұлттық күштік спорт үйірмелерімен жұмыс жасаудың ұстанымдары мен әдістемесі

1.1.«Толағай» ұлттық күштік спорт үйірмелер бағдарламасын іске асыру шарттары

1.2.Оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шарттары:

1.3. Материалдық-техникалық жабдықтау:

1.4. Кадрлық қамтамасыз ету:

1.5. Әдістемелік қамтамасыз ету:

2.Бағдарламада қамтылған тақырыптар мазмұны

2.1. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұны

2.2. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрылымы

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

жүзеге асыруға бағытталған «Толағай» тақырыбындағы мектеп оқушыларымен жүргізілетін үйірме жұмысының бағдарламасын ұсынады.

«Толағай» тақырыбындағы мектеп оқушыларымен жүргізілетін спорттық үйірме жұмысының бағдарламасы Қазақстан Республикасы «Толағай» ұлттық спорты федерациясының «Толағай – алыптар сайысы» атты авторлық жұмысты негізге алады.

Бағдарлама мазмұны қазақ халқының ұлттық ойындарын жүйелеп, баланың біліп қана қоймай, оны зерттеуіне де мүмкіндік тудыруды көздейді. Оқушы қызығушылығына бағытталып, дене мәдениетін жетілдірумен қатар ой-өрісті дамыту негіздерін қалыптастыруға көмек береді. «Толағай» үйірмесі – сабақтан тыс жұмыс үлгісі.

«Толағай» оқу бағдарламасы алыптар сайысына қатысатын күштілік, жылдамдылық, төзімділік, ептілік қасиеттерін бойына сіңірген батырлыққа, ержүректілікке, жігерлікке бейімділігі бар оқушылар үшін ұлттық күштік спорт үйірмелерін ұйымдастыру арқылы, үлкен нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осы күштік спорт үйірмелері жұмысын жүргізу арқылы, Қажымұқан және Балуан Шолақ аталарымыз сияқты қазіргі заманның болашақ алып батырларын тәрбиелеу болып табылады.

Курстың мақсаты:

Әрбір жеке тұлғаның зияткерлік, мәдени, дене және адамгершілік дамуы, оларды қоғамда әлеуметтендіру, кәмелетке толмаған азаматтарды кейінгі болашақта азаматтық және ұлттық дәстүрде тәрбиелеу арқылы аудандық, қалалық жарыстарды ұтып, республикалық және халықаралық жарыстарға қатыстыру.

Курстың міндеттері :

«Толағай» ұлттық күштік спорт үйірмелері жұмысын ұйымдастыру негізінде білім алушылардың зияткерлік, мәдени, дене және адамгершілік дамуы, оларды қоғамда әлеуметтендіру, кәмелетке толмаған азаматтарды кейінгі болашақта азаматтық және ұлттық дәстүрде тәрбиелей отырып, ұлттық спорттық ойындары жас ұрпаққа рухани-адамгершілік, ұлтжандылық, азаматтық тәрбие беру үшін төмендегідей міндеттерді басшылыққа алу қажет:

- мектепте ұлттық-патриоттық тәрбие дәстүрлерінің және базалық құрылымдардың болуы, олардың негізінде күштік спорттық бейімділігі бар үйірмелерді ұйымдастыру;

- этно ойындарды және ұлттық құндылықтарды оқушылар арасында насихаттау, бойына мығым күш дарыған балаларды батырлыққа, күштілікке ержүректікке тәрбиелеу;

- «Толағай» ұлттық күштік үйірмелерге қатысушылардың біліктілігін арттыру, спорттық әдістемелік байланыстарды дамыту, айналысушылар арасында достықты нығайту;

- спорттық ізбасарларды қалыптастыру үшін дарынды, ерекше күшке ие оқушыларды дайындап, оларды әлемдік ареналарға (әлемдік деңгейде өткізілетін «Арнольд» мықтылар сайысы) өнер көрсетуге шығару;

-қазіргі ұрпақтың санасында алыстап бара жатқан ата-бабаларымыздың ұлттық ойын түрлерін, оның ішінде батырлықты, күштілікті дәріптеу;

- оқушылардың білім, еңбек дағдыларын игеруге баулу, физикалық денсаулығын жақсарту, қозғалыс белсенділігін арттыру;

-ұлттық ерекшелік пен айрықшылығын сақтай отыра, ұрпақтан ұрпаққа табыстау;

Бағдарламаның өзектілігі: Әр ұлт ойынының бойында адамды білімге, үйренуге, өмірді танып білуге деген ынтаны оятатын, ұжымға деген ынтымақ, жолдасқа деген ілтипат, сыйластық, тіл табысу, басқалармен санаса білу т.б. өмірге аса қажетті адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру секілді дидактикалық негіз, тұтас педагогикалық процесс, іргелі идея бар.

Сондықтан еліміздің көркейіп, ұлтымыздың салт-дәстүрлері қайта жаңғырып жатқанда, ұлттық мұраларымызды кейінгі ұрпаққа насихаттау – өте өзекті. Қазақ өмірінің тереңінен нәр алған талай дәстүрі мен мәдени қазынасы халқымыздың саналы ғұмырында сақталып, ертеден бүгінге жетті. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан батырлықты қайта жаңғыртып, келешек ұрпақтың алдында таныстыру, қазіргі замандағы ұлттық ойындардың маңызын түсіну арқылы жаңғырту – бұл бағдарламаның өзектілігі мен басты парызы.

Күтілетін нәтиже: Қарастырылған бағдарлама аясында ұлттық спорттық ойындар туралы ақпараттармен таныса отырып, спорттық дағдыларды меңгереді.

Оқушылардың оқу жаттығу топтарында батырлар, алыптар тарихымен, күштілік айла-амал тәсілдерін жетік меңгереді. Сонымен қатар, баланың рухани ойын, ептілік өнерін, күштілігін, ержүректігін арттырады, батырлық өнерді жетік меңгере алатын тұлға ретінде қалыптастырады. Тәрбиесіне жауапкершілік пен жігерлікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулайды. Жасөспірімнің дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән беріледі.

Әртүрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, өзіне деген сенімділікті біліп жарыстарды ұту, өзін батыр ретінде танытуға жағдай жасайды. Сабак қорытындысында үйірмеге қатысушылар өзара жарысып, жеңімпаздар дипломмен, медальдармен марапатталады.

«Толағай» ұлттық күштік үйірмелерге қатысушылардың еңбек сүйгіштік, ерінбей-жалықпай еңбек жасау қабілеттері артады.

Бағдарламаның жаңашылдығы: мектеп жасындағы оқушыларға арналған бағдарлама ұлттық күштік спорт түрлерін жан-жақты дамытып, ережелерін, тактикалық әдіс-тәсілдеріне дейінгі аралықта мазмұндық қырларының жаңаша сипатын жетілдіруімен ерекшеленеді.

1.«Толағай» ұлттық күштік спорт үйірмелерімен жұмыс жасаудың ұстанымдары мен әдістемесі

1.1.Оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шарттары:

- оқушылардың «Толағай» ұлттық күштік спорт түрімен айналысуға қызығушылығын арттыру;
- дайындық және оқыту жүйесін ұйымдастыру үшін білім беру ұйымдарында арнайы материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету;
- тиісті бейін бойынша арнайы дайындығы бар білікті педагог кадрлардың болуы;
- үйірмелерге қатысушылардың денсаулығын үнемі дәрігерлік бақылауда ұстау;
- «Толағай» ұлттық күштік спорт түрі үйірмесінің әдістемелік жағынан қамтылуы.

1.2. Материалдық-техникалық жабдықтау:

- белгілі бір индикаторлар мен қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін оқу алаңдарының болуы және білім беру ұйымдарында спорт зал және алаңдарының болуы қажет;
- жаттығу залы мен алаңдарын жабдықтауға арналған аумақтың болуы;
- спорттық жабдықтар (гимнастикалық снарядтар, гір тастары, штангалар, тренажерлар, көтеруге арналған әртүрлі ауыртпалықтар, табиғи материалдардан дайындалған ұлттық құралдар және т.б.).

1.3. Кадрлық қамтамасыз ету:

- дене шынықтыру мұғалімдерінен құралған «Толағай» ұлттық күштік спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар мен нұсқаушылардың болуы;

1.4. Әдістемелік қамтамасыз ету:

- Ұлы Дала тарихы;
- «Жекпе-жек»;
- «Дене шынықтыру»;
- «Ұлттық ойындар»;
- «Жалпы күштік жаттығулар жиынтығы»;
- «Салауатты өмір салты»;
- нұсқаушылар мен жаттықтырушыларға арналған әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтар;
- оқу кестелері мен көрнекіліктер жиынтығы.

2. «Толағай» ұлттық күштік спорттық үйірме бағдарламасының мазмұны

2.1. Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері

Бұл бөлімде адамзат өркениеті мен әр ұлт мәдениетінің қалыптасып, жетілу барысындағы батырлар, мықтылар, алыптар ойындарының орны айрықша. Ғасырлар бойы олар үздіктерді анықтайтын спорттық бәсеке, жарыс түрі ғана емес, өскелең ұрпақ тәрбиесінде, ұлттардың интеллектуалдық әлеуетін көтеруде маңызды үдеріс болып келеді.

2.2. Дене шынықтыру

Бұл бөлімде дене шынықтыру сабақтары бөлімдері негізінде қозғалыс ойындарын, ұлттық ойын түрлерін, әртүрлі спорттық эстафеталар, дене дайындығы жаттығуларын және т.б. да қамтуы мүмкін.

2.3. Техниканы арттыру

Бұл бөлімде бұл белгілі күштік жаттығуларды орындау (гір тасы мен штангаларды көтеру, арнайы тренажерларда жұмыс жасау және т.б.), әртүрлі ұлттық негіздегі батырлыққа баулитын жаттығуларды пайдалану және күш сынасуға жетелейтін т.б. қамтуы мүмкін.

2.4. «Толағай» ұлттық күштік спорт түрі

Бұл бөлімде тарихи қалыптасқан ұлттық күш сынасуды жандандыру және жасанды кедергілерді еңсеруде балаларды спорттық жетілдіруге бағытталған спорт түрі болып есептеледі. Бұл бөлімде оқушылар ұлттық күштік спорт түрлерімен айналысады: 10-20 келілік қапты көтеріп жүгіру, найзаны нысанаға тигізу, 10-20 келілік арбаны уақытқа сүйреп өту, 10-20 келілік жасанды серкені мойынға салып отырып тұру, 10-20 келілік қапты жүгіре лақтыру және қосымша уақытқа ләңгі тебу.

2.5. Ұлы Дала тарихы

Бұл бөлімде бойынша сағат Қазақстан тарихының қаһармандық беттері, ұлттық батырлар және қазіргі Қазақстанның көрнекті тұлғалары туралы деректі материалдарды пайдалана отырып өткізіледі.

Бағдарламада көрсетілген барлық бөлімдер бойынша сабақтар теориялық түрде де, практикалық түрде де (сабақтар, жиындар, экскурсиялар және ойындар) өткізіледі.

**«Толағай» ұлттық күштік спорттық үйірме бағдарламасын 1-2-оқу
жылдарына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспары
(Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат)
(5-6-сынып)**

№	Сабақтың тақырыбы	сағат саны	Мерзімі
1	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	6	
2	Нормативтерді тапсыру	4	
3	Дене шынықтыру	8	
4	Техниканы арттыру	5	
5	Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	6	
6	Ұлы Дала тарихы	4	
7	Тақырыптық сынып сағаттары	2	
	Барлығы:	34	

**Бағдарламаның күнтізбелік-тақырыптық жоспары
(Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат)
(5-6-сынып)**

№	Сабақтың тақырыбы	сағат саны	Мерзімі
1	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	1	
2	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	1	
3	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	1	
4	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	1	
5	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	1	
6	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	1	
7	Нормативтерді тапсыру	1	
8	Нормативтерді тапсыру	1	
9	Нормативтерді тапсыру	1	
10	Нормативтерді тапсыру	1	
11	Дене шынықтыру	1	
12	Дене шынықтыру	1	
13	Дене шынықтыру	1	
14	Дене шынықтыру	1	
15	Дене шынықтыру	1	

16	Дене шынықтыру	1	
17	Дене шынықтыру	1	
18	Дене шынықтыру	1	
19	Техниканы арттыру	1	
20	Техниканы арттыру	1	
21	Техниканы арттыру	1	
22	Техниканы арттыру	1	
23	Техниканы арттыру	1	
24	«Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	1	
25	«Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	1	
26	«Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	1	
27	«Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	1	
28	«Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	1	
29	«Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	1	
30	Ұлы Дала тарихы	1	
31	Ұлы Дала тарихы	1	
32	Ұлы Дала тарихы	1	
33	Тақырыптық сынып сағаттары	1	
34	Тақырыптық сынып сағаттары	1	

**«Толағай» ұлттық күштік спорттық үйірме бағдарламасын 3-4-оқу
жылдарына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспары
(Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат)
(7-8-сынып)**

№	Сабақтың тақырыбы	сағат саны	Мерзімі
1	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	6	
2	Нормативтерді тапсыру	4	
3	Дене шынықтыру	8	
4	Техниканы арттыру	5	
5	Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	6	
6	Ұлы Дала тарихы	4	
7	Тақырыптық сынып сағаттары	2	
	Барлығы:	34	

**Бағдарламаның күнтізбелік-тақырыптық жоспары
(Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат)
(5-6-сынып)**

№	Сабақтың тақырыбы	сағат саны	Мерзімі
1	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	1	
2	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	1	
3	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	1	
4	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	1	
5	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	1	
6	Ұлттық дәстүр және ойындар негіздері	1	
7	Нормативтерді тапсыру	1	
8	Нормативтерді тапсыру	1	
9	Нормативтерді тапсыру	1	
10	Нормативтерді тапсыру	1	
11	Дене шынықтыру	1	
12	Дене шынықтыру	1	

13	Дене шынықтыру	1	
14	Дене шынықтыру	1	
15	Дене шынықтыру	1	
16	Дене шынықтыру	1	
17	Дене шынықтыру	1	
18	Дене шынықтыру	1	
19	Техниканы арттыру	1	
20	Техниканы арттыру	1	
21	Техниканы арттыру	1	
22	Техниканы арттыру	1	
23	Техниканы арттыру	1	
24	«Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	1	
25	«Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	1	
26	«Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	1	
27	«Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	1	
28	«Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	1	
29	«Толағай » ұлттық күштік спорт түрі бөлімі	1	
30	Ұлы Дала тарихы	1	
31	Ұлы Дала тарихы	1	
32	Ұлы Дала тарихы	1	
33	Тақырыптық сынып сағаттары	1	
34	Тақырыптық сынып сағаттары	1	

Қорытынды

Сонымен қорыта келгенде «Шынықсаң шымыр боласың» деген сөз бағдарламаның басты тірегі болып, 5-8 сынып оқушыларына арналған «Толағай» ұлттық күштік спорттық үйірме курсының бағдарлама жұмысын ұйымдастыру негізінде білім алушылардың зияткерлік, мәдени, дене және адамгершілік дамуы, оларды қоғамда әлеуметтендіру, кәмелетке толмаған азаматтарды кейінгі болашақта азаматтық және ұлттық дәстүрде тәрбиелей отырып, ұлттық спорттық ойындары жас ұрпаққа рухани-адамгершілік, ұлтжандылық, азаматтық тәрбие беру мәселесі қамтылды.

Мектепте ұлттық-патриоттық тәрбие дәстүрлерінің және базалық құрылымдардың болуы, олардың негізінде күштік спорттық бейімділігі бар үйірмелерді ұйымдастыру, этно ойындарды және ұлттық құндылықтарды оқушылар арасында насихаттау, бойына мығым күш дарыған балаларды батырлыққа, күштілікке ержүректікке тәрбиелеу негізінде сабақтар жүргізілді.

Қазіргі ұрпақтың санасында ата-бабаларымыздың ұлттық ойын түрлерін қайта жаңғырта отырып, оқушылардың білім, еңбек дағдыларын игеруге, физикалық денсаулығын жақсартуға, қозғалыс белсенділігін арттыруға жаттықты.

Әр ұлт ойынының бойында адамды білімге, үйренуге, өмірді танып білуге деген ынтаны оятатын, ұжымға деген ынтымақ, жолдасқа деген ілтипат, сыйластық, тіл табысу, басқалармен санаса білу т.б. өмірге аса қажетті адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру секілді дидактикалық негіз, тұтас педагогикалық процесс алға қадам басты. Сондықтан еліміздің көркейіп, ұлтымыздың салт-дәстүрлері қайта жаңғырып жатқанда, ұлттық мұраларымызды кейінгі ұрпаққа насихаттауға жол ашады. Қазақ өмірінің тереңінен нәр алған талай дәстүрі мен мәдени қазынасы халқымыздың саналы ғұмырында сақталып, ертеден бүгінге жетті. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан батырлықты қайта жаңғыртып, келешек ұрпақтың алдында таныстыру, қазіргі замандағы ұлттық ойындардың маңызын түсіну арқылы жаңғыртудың әр жеке тұлға парызы екенін түсінді.

«Толағай» ұлттық күштік үйірмелерге қатысушылар еңбек сүйгіштік, ерінбей-жалықпай еңбек жасау қабілеттерін ұлттық күштік спорт түрлерін жан-жақты дамытып, қарастырылған бағдарлама аясында ұлттық спорттық ойындар туралы ақпараттармен таныса отырып, спорттық дағдыларды меңгерді.

Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет Жаңа Қазақстанның жастары айрықша түсінуге тиіс үш маңызды бағыт ретінде айқындалады. Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – аумақтық тұтастық, мемлекеттік тіл және береке-бірлігіміз – ұлттық құндылықтыр. Осыған орай, қазіргі жастардың бойында ұлттық құндылықтар негізінде ұлттық сананы қалыптастырудың маңыздылығы – бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары» Яғни Қазақстандық білім беру ұйымдарында біртұтас

тәрбие бағдарламасы енгізілуде. Бір ұлтты басқа ұлттан даралайтын – оның ұлттық құндылықтары, яғни, әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Ұлттық құндылықтарымыз шын бағасын алғанда ғана, жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз жана бермек. Әлемдік қауымдастықтың біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге барынша әрекеттенуіміз – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Осы орайда «Толағай» ұлттық күштік үйірме бағдарламасының маңызы мен берері мол деп сенемін.

Түйіндеп айтатын болсам, ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ұлттық ойындардың маңызын түсіну, ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды талмай, қажымай өткен еңбектеріңіздің арқасында дарынды да тәрбиелі оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. "Қажымұқан" кітабы. "Қазақстан" баспасы Алматы-1964ж. М.Танекеев
2. "Қажымұқан" кітабы. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, Алматы-1951ж. Қ.Әбдіқадыров
3. "Қажымұқан" кітабы. Алматы "Жалын"-1951ж. Қ.Әбдіқадыров
4. "Хаджи-Мукан" повесть. Алма-Ата "Жалын"-1983ж. А.Буркитбаев. Авторизованный перевод с казахского Германа Максимова
5. "Қажымұқан" кітабы. Алматы "Жалын"-1990ж. Ә.Бүркітбаев
6. "Хаджи Мукан чемпион мира" повесть. Алматы-2003ж. А.Буркитбаев. Авторизованный перевод с казахского Германа Максимова
7. "Қажымұқан" кітабы. Алматы "Атамұра"-2007ж. Қ.Әбдіқадыров
8. "Бөдене таланттар мен Қажымұқандар" "Рух-дария" баспасы, Алматы-2004ж М.Шаханов
9. "Қажымұқан" кітабы. Павлодар-2006ж. Оралбек Қожанов
10. "Қазақтың Қажымұқаны" естеліктер кітабы. Алматы "Атамұра"-2009ж. Ғазизбек Тәшімбай
11. "Бала Мұқан, Палуан Мұқан, Қажы Мұқан" кітабы. Астана "Фолиант"-2004ж. Мұрат Керейбай
12. "Қажы Мұқан" кітабы. Астана "Фолиант"-2006ж. Мұрат Керейбай
13. "Қажымұқан қағанаты" кітабы, "Ордабасы"- 2001ж. Н.Бегалиев
14. "Қажымұқан қағанаты" жинақ І-том, "Ордабасы"- 2021ж.
15. "Қажымұқан қағанаты" жинақ ІІ-том, "Ордабасы"- 2021ж
16. "Күш атасы - Қажымұқан" жинақ үш тілде, Арна"Алматы"- 2021ж
17. Медициналық білім негіздері. Автор: С.В.Виноградов.
18. Медициналық білім мен салауатты өмір салтының негіздері: Оқу құралы / Р. И. Айзман, В. Б. Рубанович, М. А. Суботялов.